

## Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 16 қазан N 199

1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған міндеттерді орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының қаражаты есебінен қоғамдық жұмыстарды аймақтар бойынша уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері: аймақтардың экономикалық бағытына қарай қалалар мен елді мекендерді көркейту және көгалдандыру, жолдарды жөндеу, әлеуметтік сала объектілері мен тұрғын үй салу, ұлттық тарих пен мәдениет ескерткіштерін қайта жаңғырту жөніндегі және басқа да жұмыстарды қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жандандырсын;

өз материалдық ресурстарының есебінен қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын нақты кәсіпорындарды белгіленген тәртіппен анықтасын;

жалпы білім беретін мектептердің, оқу-курстық комбинаттардың жанынан, бос тұрған цехтардың кәсіпорын учаскелерінің базасында 20 жасқа дейінгі жұмыссыздар санаттарындағы оқымайтын жастарға арнап еңбекке бейімдеу орталықтарын құрсын, олардың өнімдері арнайы дүкендерде келісімді бағамен сатылатын болсын;

ауданның (қаланың) кәсіпорындарындағы ұзақ уақыт бойы бос тұрған жұмыс орындарын келісімді негізде пайдалансын;

жұмыс берушілердің арасында жарнамалық-насихат қызметін ұйымдастырсын; ауданда (қалада) қоғамдық жұмыстар жүргізілетіні, еңбекақысы және

мұндай жұмыстарды орындағаны үшін берілетін жеңілдіктер туралы халықты қажетті ақпаратпен қамтамасыз етсін;

ай сайын әр айдың 5-күнінен кешіктірмей Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат беріп отырсын.

3. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ай сайын әр айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы және жүргізілуі туралы есеп беріп отырсын.

Премьер-Министр



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК